**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2023 жылғы 3 шілде №2301-23-00-2/867 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Атырау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшы өкілдері Н.Ж.Халмурзин., Д.Н.Дүйсенов

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2023 жылғы 3 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №17 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Атырау ауылдық округіндегі көшелер мен елді мекендерде санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу» қызметтерін көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы -10 067 568 теңге, орындау мерзімі - Шартқа қол қойылған күннен бастап, 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер тиісті деңгейде орындалмай, қызмет толық көлемде көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары техникалық ерекшелікке сәйкес орындалмағанын, атап айтқанда техникалық ерекшілтегі талаптарға сай орындаушының әр түрлі арнайы техникалары болуы, әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарында 2-дана шағын габаритті қоқыс тасымалдауға арналған қоқыс тасығыш техникасы, 2-дана қоқыс

тасығышқа сыймайтын қоқыстарды тасымалдауға және техника кіре алмайтын жолдармен жүру мақсатында тіркемесі бар трактор. Самосвал саны-1, Қардан тазарту үшін және жиек тас жанын тазалау үшін вакуумдық автокөлік саны-1, 20 адам жұмысшылар саны болуы керектігін, одан бөлек тазалық жұмыстары орындаушымен үнемі, үздіксіз жүргізілуі тиіс екенін көрсеткен.

Алайда орындаушымен 12 мыңнан аса халқы бар ауылдық округке тек 6 қызметкермен жұмыстар жасалуда екені, техника саны талапқа сай емес, жалдамалы жалғыз Камаз автокөлігі бар екенін, жауапкердің жұмыстарының нәтижесіне қанағаттанбаған ауыл тұрғындары әлеуметтік желілері арқылы көптеген арыз-шағымдар түсіріп жатқандарын, сол себепті жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шартының орындалмауы талап қоюшы үшін жағымсыз салдар келтіргенін, сондықтан оны жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Бұдан әрі жұмыстардың техникалық ерекшеліктерінде жұмыс көлемі ауылдық округтің барлық көшелерімен елді-мекендерінің аумақтарына тазалық жұмыстарын үнемі үздіксіз жүргізуі тиіс. Алайда ауылдың тазалық жұмыстары қажетті деңгейде жүргізілмеуде.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талабын қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

## **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 13.07.2023

Қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған, талап қоюшы үшін жауапкермен міндеттеме орындалмауы жағымсыз салдарын келтірген, тазалық жұмыстарының нәтижесіне қанағаттанбаған ауыл тұрғындары талап қоюшыға Whatsapp желісі және жеке блог арқылы көптеген арыз-шағым түсіруде.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері тиісті деңгейде орындалмай, қажетті қызмет шартта көрсетілген мерзімде жасалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдары пайда болғанын айтып өтті.

Конкурстық құжаттамаға 2-2 қосымша жұмыстардың техникалық ерекшелігінен көрінгендей белгілі бір учаскені тазалау бойынша орындалған барлық жұмыстар, осы жұмысты орындаған адамдар саны мен техника саны орындалған жұмыстар туралы акт бойынша Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен күн сайын сағат 18.30-дан кешіктірілмей қабылданады.

Сонымен қатар, қосымша 6-ның 4-тармағында көрсетілгендей, қажетті материалдық және ресурстарының болуы, атап айтқанда: материалдық ресурстар - шағын габаритті қоқыс тасмалдауға арналған қоқыс тасығыш - 2 дана, қоқыс тасығышқа сыймайтын қоқыстарды тасымалдауға және техника кіре алмайтын жолдармен жүру мақсатында, тіркемесі бар трактор - 2 дана, самосвалдар - 1 дана, қардан тазарту үшін және жиек тас жанын тазалау үшін тиегіш қажет - 1 дана, қар суларды тартып сорып шығару үшін вакуумдық автокөлік - 1 дана болуы, еңбек ресурстары: 20 жұмысшыларының болуы тиіс.

Яғни жауапкермен конкурсқа қатысқан кезде аталған материалдық және еңбек ресурстары бар екендігі көрсетіліп, осы талапқа сай екендігін растап, мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №8 келісім-шарт жасақталғаны анықталған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (келесіде - АПК) 68-бабының 1 және 6-бөліктеріне сәйкес әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Егер іс үшін маңызы бар және екінші тарап жоққа шығармаған мән-жайларды даусыз растайтын, іске қатысты жарамды және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

АПК-нің 72-бабының 1-бөлігіне сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 13.07.2023

Алайда, жауапкер өзінің уәждерін негіздейтін дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Атырау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Termogroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Төраға м.а. А.Е.Султангалиева

Анықтама

Шешім заңды күшіне 2023 жылы "14" тамызы енді.

Төраға м.а. А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 13.07.2023



Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 13.07.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»